

2025 жылдың маусым айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы 67,3 млрд. теңгеге 148,3 мың ақша аударымдары жіберілген. 2025 жылдың мамыр айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 4,9%-ға, көлемі 1,8%-ға азайды.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа ХААЖ арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2025 жылдың маусым айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 4,5% және жалпы сомасының 3,9% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 95,5% және 96,1% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2025 жылдың маусым айында шетелге ХААЖ арқылы 64,7 млрд. теңге сомаға 141,6 мың транзакция жіберілді. 2025 жылдың мамыр айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 5,1%-ға, көлемі 1,9%-ға азайды.

Қазақстаннан шетелге жөнелтілген ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Өзбекстан – 26,9 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 41,6%), Ресей – 17,5 млрд. теңге (үлесі – 27,0%), Түркия – 8,5 млрд. теңге (үлесі – 13,1%), Грузия – 3,5 млрд. теңге (үлесі – 5,4%), сондай – ақ Қырғызстан -2,0 млрд.теңге (үлесі-3,2%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	127,93	90,3%	56 471,33	87,3%
Вестерн Юнион	7,96	5,6%	5 644,68	8,7%
MONEYGRAM	1,14	0,8%	1 215,25	1,9%
UPT	1,44	1,0%	982,81	1,5%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,17	2,2%	398,11	0,6%
Жалпы жиынтығы	141,63	100,0%	64 712,18	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Өзбекстан	37,67	26,6%	26 901,03	41,6%
Ресей	73,83	52,1%	17 476,28	27,0%
Түркия	16,00	11,3%	8 498,89	13,1%
Грузия	1,64	1,2%	3 482,05	5,4%
Қырғызстан	3,92	2,8%	2 054,53	3,2%
Қытай	1,07	0,8%	1 569,93	2,4%
Әзірбайжан	1,00	0,7%	1 008,51	1,6%

Армения	0,59	0,4%	879,82	1,4%
Тәжікстан	1,73	1,2%	606,22	0,9%
Корея Республикасы	0,54	0,4%	445,93	0,7%
Басқалар	3,66	2,6%	1 788,99	2,8%
Жалпы жиынтығы	141,63	100,0%	64 712,18	100,0%


Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі қазақстандық теңгеде (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 69,6%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 61,1%) және АҚШ долларымен (тиісінше 15,9% және 29,1%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2025 жылдың маусым айында Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 18,6 млрд. теңге сомаға 48,6 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2025 жылдың мамыр айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 4,5%-ға азайса, көлемі 2,4%-ға азайды.

Шетелден алынған ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей - 4,5 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 24,2%), Америка Құрама Штаттары– 3,0 млрд. теңге (үлесі – 16,4%), Түркия – 1,9 млрд. теңге (үлесі – 10,3%), Өзбекстан – 1,88 млрд. теңге (үлесі -10,1%), сондай-ақ Германия - 1,58 млрд. теңге (үлесі -8,5%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	20,15	41,4%	8 803,44	47,3%
Вестерн Юнион	17,20	35,4%	6 075,50	32,7%
MONEYGRAM	8,45	17,4%	3 355,69	18,0%
UPT	0,29	0,6%	118,74	0,6%
Басқа ақша аудару жүйелері	2,52	5,2%	242,00	1,3%
Жалпы жиынтығы	48,61	100,0%	18 595,36	100,0%


Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен
Ресей	15,97	32,8%	4 492,20	24,2%
Америка Құрама Штаттары	7,21	14,8%	3 054,16	16,4%
Түркия	4,81	9,9%	1 924,50	10,3%
Өзбекстан	2,43	5,0%	1 883,43	10,1%
Германия	6,59	13,6%	1 579,70	8,5%
Корея Республикасы	2,08	4,3%	1 383,54	7,4%
Қырғызстан	0,99	2,0%	653,00	3,5%
Грузия	0,85	1,8%	514,08	2,8%
Әзірбайжан	0,42	0,9%	428,15	2,3%
Израиль	0,58	1,2%	202,64	1,1%
Басқалар	6,68	13,7%	2 479,96	13,3%
Жалпы жиынтығы	48,61	100,0%	18 595,36	100,0%

Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 44,6% және жалпы сомасының 56,8%) және қазақстандық теңге (тіісінше 26,1% және 20,6%) жүргізілді.

Алынған аударымдардың жалпы
санындағы үлесі



Алынған аударымдардың жалпы
көлеміндегі үлесі

